

БӨГДЕ СӨЗДЕРДІҢ СИНОНИМДЕРІ

Төл сөз бен төлеу сөздің арасындағы қатынаста синонимдік қатынас болып табылады: *«Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – дейді Абай. – Абай, егер закон қуаты қолында бар болса, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер еді.*

Төл сөз төлеу сөзге айналғанда тұлғалық жағынан біраз өзгеріске түскеніне қарамастан, мазмұн-мағынасын алғашқы күйінде қалдырады. Әдетте төл сөз цитата ғана емес, көркем шығармадағы кейіпкерлердің сөзі ретінде кездесетіні мәлім. Кейіпкерлердің тілі арқылы жазушы олардың сөйлеу ерекшелігін ғана танытып қоймай, олардың мінезінен, әдет-ғұрпынан, басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасынан хабардар етеді. Қандай жағдайда да төл сөз белгілі мақсатпен жұмсалады. Сонысына лайық төл сөз нақтылы, шымыр да жинақы болып келеді. Ал оны төлеу сөзге айналдырғанда, бұл қасиеті сәл бәсеңсіп, босағандай, солғындаған

дай болады. Мысалы, *«Тарт қолыңды Вьетнамнан!» –* дейді бейбітшілік сүйгіш адамдар соғысқұмарларға (газеттен, дейтін сөйлемді *Бейбітшілік сүйгіш адамдар соғысқұмарлардан Вьетнамнан қолын тартып тұруын талап етеді* деген сөйлеммен салыстырғанда, бірінші сөйлемнің өткір де өтімді екені білініп тұрады; бұлай болуы әрі бұйрықты сөйлемнің табиғатына, оның интонациясына әрі сөйлемдегі сөздердің орын тәртібіне байланысты. Екінші сөйлем сол мазмұнды толық жеткізіп тұрса да, хабарлы сөйлемге тән бәсең дауыс ырғағы бұған дәл алдындағыдай көтеріңкі үн бере қоймайды. Төл сөз бен төлеу сөздің бір-бірінен басты айырмашылығы да осында болса керек.

Әрине, бөгде сөздердің құрамдас бөліктері болып табылатындықтан, төл сөз бен төлеу сөзді ғана алып, ортақ төл сөзді назардан тыс қалдыру жөнсіз болар еді. Сондықтан осы үшеуінің арасындағы мағыналық, стилистикалық қатынастардан туатын жақындықты ескеріп, олардың синонимдігін сөз

етудің артықшылығы жоқ.

Төл сөз де, төлеу сөз де, ортақ сөз де – белгілі бір ойды екінші біреуге жеткізудің әртүрлі жолдары. Сондықтан олардың мазмұны ұқсас, тіпті бірдей болатыны түсінікті. Міне, осы ұқсастық олардың бір-бірімен алмасуының мол мүмкіндігі барын көрсетеді. Мұның өзі, айталық, төл сөз түрінде келген сөйлемдегі ойдың бөгде сөздің басқа түрлеріне айналдыру ыңғайында да байқалады:

1. – *Әйел мақтағанды жек көрмейді, мен де соның бірмін, – деді Ұлпан* (Ғ. Мүсірепов. «Ұлпан») – Төл сөз.

2. *Әйел мақтағанды жек көрмейді, Ұлпан да соның бірі* – Ортақ төл сөз.

3. Көріп отырғанымыздай, төл сөзде автор негізгі ойды кейіпкердің аузынан айттырады да, нақтылы қай кейіпкер сөйлегенін көрсетеді. Ал төлеу сөз жағдайында автор – кейіпкер ойының мазмұнын жеткізуші, сондықтан да бұл ретте кейбір сөздердің төл сөздегі қалпын сақтамай, орын ауыстыруы (меннің орнына өзінің болуы) табиғи құбылыс болып табылады және сөйлеп тұрған кейіпкер (мысалымызда – Ұлпан) автор баяндағандағы сөйлемнің ішіне кіріп кетеді.

4. Ортақ төл сөзге келетін болсақ, оның алдағы екеуіне ұқсайтын да жақтары болады. Төл сөзге ұқсастығы – автор мұнда да кейіпкерлердің ішкі сезімін, түсінік-түйсігін сөзбе-сөз беріп туғанға ұқсайды, ал төлеу сөзге жақын көрінетіні – автор ойды кейіпкердің аузынан айтқызбай, өз тұрғысынан баяндайды. Алайда ортақ төл сөздің барлығы бірдей осындай болып келгенмен, оны автордың көзқарасын танытатын, оның берген бағасын көрсететін пікір деуден гөрі, әдеби кейіпкердің ой-өрісі, нанымсенімі тұрғысынан қабылдаған лазым. Осылай болғандықтан, ортақ төл сөз төл сөзге айналып кеткендей болады да, (ортақ төл сөз) сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай бөлінетін түрлерінің қай-қайсысында да кездесе береді.

Қазақ кеңес әдебиетінің классикалық шығармаларының қатарынан берік орын алған «Талпақ танаудың» мазмұны мен идеясына үнілсек, мына келтірілген ортақ сөздің орайын тауып тұрғанына еш күмән болмаса керек.

Осы ыңғайда біраз сұрақ туып, оларға жауап табылары да белгілі. Неге сары атан дәл осы сәтте (бұрын емес) «ойланды»? Неге қазақ тарихына сонша «үнілді»? Неліктен халық алдында пайдануға ерік алып отыр? Сары атанның жиынтық бейне екені түсінікті. Оның қазақ көшін ғасырлар бойы Сыр мен Арканың арасында тасып жүргенінде мұнша ойланбауы заңды, өйткені ол – үйреншікті әдеті, адамдар

да таныс, дала да таныс, етене жақын, үй хайуанаттары да үйреншікті болып кеткен. Ал қазір ол сүйреп келе жатқан арбада «Жаңа жол» колхозында тиесілі «талпақ танаулар» жатыр. Сары атан соларға тосырқай, тіпті ұнатпай қарады. Бұған дейін оның күшімен бірге, еті де мәртебесін өсірген, ендігі тағдыры қандай болмақ? Ауыл өміріндегі жаңалықты әйгілі жазушы осындай тәсіл арқылы барынша шынайы белгілейді. Ал осы ортақ төл сөздегі ойды төл сөзбен берудің қисыны жоқ. Төл сөздің ыңғайы келмеген соң, төлеу сөзді пайдалану да жөнсіз. Сөйтіп, хайуанатқа адамға тән қасиет беріп, оның бір сәттегі «толғанысын» ортақ төл сөзбен жеткізу шеберліктің көрінісі екені даусыз.

Мұндай реттерде бөгде сөздің бір түрін екінші түрімен алмастыру орынсыз болып шығады. Дәлірек айтқанда, ой, пікір авторы мен шығарма авторы бірдей болған жағдайда төл сөз де, төлеу сөз де ортақ төл сөзге орын береді. Бұл арадағы пікір авторы мен шығарма авторы деген ұғымдарды шартты түрде қабылдау керектігін айтпасақ болмайды. Шынтуайтқа келгенде, кейіпкерлер шығарма авторының ықтиярымен сөйлемей ме? Автор олардың аузына салған сөздерді айтатыны мәлім.

Ортақ төл сөз сияқты, төлеу сөздің де өзіндік стилистикалық қызметі бар. Көп жағдайда төл сөзбен алмастырудың реті кездесе бермегенімен, кей тұстарда олай етудің қажеттігі болмайды. Айталық, төл сөз, негізінен, шығармадағы тартыстың шиеленіскен тұстарында немесе соған дейін әлдебір жайдың мазмұнын, мақсатын ашып алу тұрғысында, сондай-ақ бірденені білу мақсатында жұмсалса, төлеу сөз қаға берісте кірістірілетін, басқа ойды толықтыратын қызметте жұмсалады: *Ғазизаның соқыр шешесі Ғазизаны түртіп қалып, қонақтың кім екенін сұрады* (М.Әуезов. «Қорғансыздың күні»).

Біздіңше, автордың мұны төл сөз емес, осылай келтіргені жөн болған. Төл сөз болған жағдайда оқырманның ойы негізгі мәселені назарға алуына біршама кедергі жасар еді. Ұлы жазушының бұл әңгімесіндегі басты ойы баршаға белгілі: күштінің әлсізге жасаған озбырлығы, замана әділетсіздігі. Әлгі төлеу сөз сол негізгі оқиғаны толықтыру мақсатында, демек, сол күштілердің кім екенін білдіруге ынталандыру ниетінде қолданылып отыр. Солай болғандықтан нағыз қақтығыс, шын мәніндегі айқас бой көрсететін тұстарға төл сөздерді сақтайды да, мынадай реттерде жазушы төлеу сөздерге орын береді.

Ғазизаның соқыр шешесі Ғазизаны түртіп қалып: «Қонақ кім екен?» – деп сұрады күйінде де беруге болар еді, бірақ мұндайда автор ойына сай

жол-жөнекей әрекетпен сұрау болмай, логикалық екпін түсірген жай болып қабылданады. Сөйтіп, әңгіме мұндай мысал ыңғайында төлеу сөзді төл сөзбен алмастырудың реті жоқ деп қорытынды шығаруда емес, оларды бір-бірімен алмастырудың мүмкіндігі туып отырғанының өзінде, соның қайсысын жұмсау ұтымды дегенге саяды.

Бұған қарап, бөгде сөздің басқа түрлерінен төлеу сөздің стилистикалық қызметі солғын екен, оның маңызы төмен екен деудің ыңғайы жоқ. Орайы келгенде төл сөзден де, ортақ төл сөзден де төлеу сөздің пайдаланылуы қажет көрінетін жайлар кездеседі. Әсіресе, бір тектес бірнеше жайды (әрине, төл сөз түрінде айтылған жайды) санамалап шығу керек болғанда, сондай-ақ тағы да сөйлеудің объектісі болған әрекет, құбылыстарды тізіп шығу керек болғанда, төлеу сөздің қисындылығы сезіліп тұрады:

Қапаров өз картасын жайып салды. Маған өзі қалқан қалдырып кеткен, миналап кеткен жерлерді, бөренеден үйінді тосқауыл жасап кеткен жерлерді көрсетіп, полктың шегенесін қалай қамтамасыз ету керектігін бастан-аяқ түсіндірді. Генерал маған қалқанда қалған бөлімшелеріне басшылық етуді тапсырыпты, ал Қапаров өзіне полктың негізгі күшін жаңа шепке жеткізуді бұйырыпты (Б.Момышұлы. «Москва үшін шайқас»).

Бұл сөйлемдердің төлеу сөз арқылы берілуінің тағы бір себебін баяндауыштардың өткен шақтағы етістік болғандарынан деп білген де жөн. Әдетте қазақ тілінде төл сөз бен автор сөзін байланыстырып тұратын сөздің өткен шақта жұмсалуды, мәселен осы шақпен салыстырғанда, сиректеу ұшырасады. Екінші жағынан, мұндағы ой сол сөздердің (тапсырманы, бұйрықты) тікелей естіген адамның таңдауы болмай, сол тікелей естіген адамның айтқанын тыңдаған басқа адамның (рет саны бойынша үшінші кісінің) жеткізуі екені білініп тұр. Сондықтан да мұны төл сөз күйінде айтудың қиындығы бар: *Генерал маған: «Поктың қалқанда қалған бөлімшелерінен басшылық етсін!» – деп тапсырыпты мен Генерал маған: «Полктың қалқанда қалған бөлімшелерде басшылық ет» – деп тапсырдыны немесе Генерал Қапаровтың өзіне: «Полктың негізгі күшін жаңа шепке жеткізсін!» – деп бұйырыпты мен Генерал Қапаровтың өзіне: «Полктың негізгі күшін жаңа шепке жеткізсін!» – деп бұйырдыны салыстырсаңыз, екінші варианттардың (екінші сыңарлары деген мағынады алып отырмыз-М.С) қолданысымызда табиғи екенін байқауға болады, ал бірінші варианттары зорлап төл сөз жасағандай сезіледі. Міне, бұл да сол алдыңғы айтқанымызды*

дәлелдеп мына мысал ыңғайында төлеу сөздің ортақ төл сөзден де тиімді екенін көрсетеді.

Төлеу сөз бен ортақ төл сөз автор тарапынан баяндай жеткізу болса, төл сөзде не жеке кейіпкердің өз ойы алға тартылады немесе екі не одан көп адамның алма-кезек сөз саптауларын оқимыз. Мұндайда көркем әдебиет шығармаларының авторы белгілі бір мақсат ұстанып, соны жүзеге асыруға ниеттенеді. Мына мысалдан үлкенді-кішілі екі адамның мінезін аңғарамыз.

– Назым – деді ана – немене, сабағыңды бітірдім дейсің бе?

– Иә, бітірдім институтты.

– Енді қайда бет алғалы отырсың?

– Осында қаламын да, – деді көңілсіз пішінмен.

– Жоқ, мұнда қалмайсың. Елге барамыз. Ағайын-туманың арасында болғанымыз жөн.

– Апатай, ол не дегенің. Қалада тұрған жақсы. Ел дегенмен, онда да ет жақын шамалы зой.

– Құдайдан қорықсаң, ақ шашты сыйласаң, ересің, әйтпесе осында қала бересің. Ал мен елге кетуге бел байладым. Қазір барып жұмыстан шығамын. Ендігісін өзің білесің, – деді ана қайырып (М.И. Жастық).

Бұл үзіндіні автор төлеу сөз түрінде берсе, көп ұтылған болар еді: біріншіден, жазушының ойы мұндай нәрлі бола алмай, сылбыр, жай әшейін баяндау ғана, көркем сөз шебері емес, кез келген адамның әңгімелеуі сияқты әсер қалдырар еді. Ал мына жағдайда сол екі кейіпкердің екеуіне тән сөз саптау (мәселен, «құдаймен қорқыту» тек қарт адамның ғана қолынан келеді), үлкеннің батыл сөйлеуі, кішінің ананы сыйлап, сыпайы тіл қатуы – осының бәрі жарасымды танылып тұр. Сөз арасында айтылатындай, қыздың жоғары білім иесі екені, сөйлеу сәтіндегі ішкі толғанысы, қиналысына қарамастан, жағымды әсер етеді.

Ал осыны ортақ төл сөзбен бергенде де, автор ұтпайды. Ортақ төл сөз көбінесе жеке, бір адамның көңіл-күйін, ішкі сезімін сыртқа шығару үшін қолданылады. Демек, ортақ төл сөз бір сәтте бірнеше қаһарманның ой-түйсігін жеткізуге тиімді тілдік құрал болмайтын түрі бар. Осы себептен де оған ілгеріде айтылған оқиғаның тартыс сәтін суреттеуді қоссақ, М.Иманжанов әңгімесінде келтірілген төл сөз стилистикалық қызмет атқарып тұр. Міне, осындай реттерде оны төлеу сөзбен алмастыруға мүмкіндік туғанымен, екеуін салыстыра келгенде, төл сөздің қолданылуы орынды болып табылады.

Төл сөзсіз көркем шығарма кездеспейді десе де болады. Суреттелетін оқиғаға байланысты төл сөздің атқаратын қызметі де әр алуан. Былайша айтқанда,

Төл сөз	Төлеу сөз
<p>Карта бетін толығынан шолып өткеннен кейін: – Ал, жолдастар, жаудың қайда екенін біз білмейміз, біздің білетініміз тек «жау алда болу керек», – деп бастадым сөзімді (Б.Момышұлы).</p>	<p>Карта бетін толығынан шолып өткеннен кейін, сөзімді жолдастарыма жаудың қайда екенін біздің білмейтінімізді, біздің білетініміз тек «жау алда болу керектігін» айтудан бастадым.</p>
<p>әлдебір диалогтарды оқып отырып, сол шығарманың түп қазығы есепті қайшылықтың басталғанын немесе басталғалы отырғанын аңдайсыз.</p>	<p>сөздің төл сөзге ұқсас жағы да, одан айырмашылығы да бар. Бөгде сөздің бұл екі түрінің ұқсастығы олардың мазмұндарының бірлігінен байқалады. Ал айырмашылығы олардың құрылымдарымен тығыз байланысты: төл сөзде бөгде сөз ешбір өзгеріссіз, сол қалпында берілсе, төлеу сөзде сөздердің орналасу тәртібінен, сөйлемнің мазмұнын айқынырақ ашып көрсету мақсатынан кірістірілген автор сөздерінен аңғарылады. Төл сөз бен төлеу сөзді қатар қою арқылы ондағы ұқсастығы мен айырмашылықтарын ажырату қиын емес:</p>
<p><i>Мұртты жігіт Айшаға:</i></p>	<p>Төл сөздегі сан алуан экспрессивтік, интонациялық ерекшеліктер төлеу сөздегі автор сөзінің құрамындағы сөздердің стилистикалық қызметі арқылы беріліп отырады. Демек, төл сөзде тыныс белгілерінен, логикалық екпінмен байқалатын, көбінесе ерекшеліктер төлеу сөзде, жалпы мағыналарын сақтағанымен, солғындау сезіліп жатады.</p>
<p>– <i>Айша, ойласайшы сен де! Осының бәрі де сенің көңілің көтерілсін деп келіп отырғанда, сенің томсарып отырғаның бәрімізге бір түрлі ауырлау тиіп отыр!... Көңіліңді көтеріп, ойнап-күліп отыр-сайшы!</i> – деді.</p>	<p>– <i>Ойнап отырсыңдар зой өздерің, ойнай беріңдер! Менің ойыным тасып отыр дейсіңдер ме!</i> – деді Айша.</p>
<p>– <i>Біздің де ойынымыз тасып отырған жоқ, біз әншейін сен ойнасын деп ойнап отырмыз, қарағым, уайымнан ешбір пайда жоқ, онан да көңіліңді көтеріп ойнап-күліп отыр!</i> – деді келіншек.</p>	<p>– <i>«Тышқанға өлім керек, мысыққа ойын керек» дегендей, маған ойын не керек, Жәмила, ойнағыларың келсе, өздерің ойнай беріңдер,</i> – деді қабағын түйген бойы Айша.</p>
<p>– <i>Айша олай десе, біз де ойнамаймыз!</i> – деді домбыра шертіп отырған Ахмет.</p>	<p>– <i>Жо-жоқ! Сендер ойнай беріңдер! Менің әшейін ойнағым келмей отыр!.. Ойнай беріңдер! Ойнай беріңдер! Мен Садырбекпен біраз әңгімелесейін, сендер ойнай беріңдер,</i> – деп, Айша жігітке қарай қозғалды (С.Сейфуллин. Айша).</p>
<p>Сонымен, бөгде сөздің бір түрі ретінде төлеу</p>	